

Аннотация

«Дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұраныс (халықаралық және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелерінің есебіне

Зерттеу мақсаты – тұтынушылық сұраныстың негізгі үрдістерін, заңдылықтарын және дағдарыстан кейінгі кезеңдегі мінез-құлқына тән үлгілерін анықтау, дағдарыстардың сұраныс динамикасы мен құрылымына ұзақ мерзімді әсерін бағалау, қалпына келу факторларын талдау, аймақтық және жаһандық трендтермен байланысын зерттеу. Зерттеу тобы 2019–2021 жылдардағы пандемиядан кейінгі кезеңде Қазақстандағы тұтынушылық сұраныс динамикасын, сондай-ақ 2008–2009 және 2015–2016 жылдардағы экономикалық дағдарыстарды талдады.

Міндеттер:

- 1) мәселенің зерттелу деңгейін анықтау (әдеби шолу);
- 2) дағдарыстан кейінгі кезеңге тән тұтынушылық сұраныстың үрдістері мен заңдылықтарын анықтау;
- 3) дағдарыстардың тұтынушылық сұраныс динамикасы мен құрылымына ұзақ мерзімді әсерін бағалау;
- 4) тұтынушылық сұранысты қалпына келтіру факторларын анықтап, олардың әсерін сандық бағалау;
- 5) дағдарыстан кейінгі кезеңде тұтынушылық сұраныс пен оның динамикасын аймақтық және жаһандық деңгейде талдау;
- 6) қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – дағдарыс кезеңдерінен кейінгі тұтынушылық сұраныстың динамикасы мен құрылымы.

Зерттеудің әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық базасы: зерттеу барысында отандық және шетелдік зерттеулердің нәтижелері, статистикалық талдау (уақыттық қатарлар мен панельдік деректерді қолдана отырып модельдік бағалау) пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен ұсынымдар:

– Дағдарыстан кейінгі кезеңде тұтынушылық сұранысты қалпына келтірудің негізгі факторлары анықталды, сұранысты ынталандыру, тұтынушылардың мінез-құлқына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды бағалау және тұтынушылық сұранысты бағалауға арналған заманауи статистикалық әдістерді қолдану бойынша ұсынымдар әзірленді.

– Дағдарыс құбылыстары табыс деңгейіне, экономиканы несиелендіруге, халықаралық сауда және инвестициялық ағымдарға теріс әсер етеді, көлік және логистикалық байланыстарды бұза отырып, тұтынушылық

сұраныс динамикасына кері ықпал етеді. Дағдарыс кезеңдеріне тән негізгі үрдістер ретінде тұтынушылық сенімнің төмендеуі, ұзақ мерзімді пайдалануға арналған тауарларға шығындардың азаюы, шығын басымдықтарының қайта бөлінуі, қолжетімді тауарлар мен қызметтерге сұраныстың артуы және жинақтардың көбеюі атап өтілді.

– Тұтынушылық сұранысты сақтау және қалпына келтіру үшін елдер түрлі шаралар қолданады, олар шоктың ұзақтығы мен ынталандыру саясатының бағыты сияқты факторларға байланысты ерекшеленеді.

– Тұтынушылық сұраныс динамикасына оң әсер ететін факторларға экономикалық өсу қарқынының артуы, жалпы жинақтардың өсуі, жеке тұлғаларға, оның ішінде жеке кәсіпкерлерге берілетін несиелер көлемінің ұлғаюы, TONIA банкаралық біркүндік мөлшерлемесінің төмендеуі және жалдамалы жұмысшылар санының өсуі жатады. Фирмалар табысының артуы, күнкөріс минимумы мөлшерінің ұлғаюы және жалпы аймақтық өнім көлемінің артуы тұтынушылық шығындардың өсуіне ықпал етеді.

– Үй шаруашылықтарының соңғы тұтынуға арналған шығындары мұнай бағасы мен теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбас бағамымен, сондай-ақ күнкөріс минимумы мөлшерімен және бірінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған нан бағасымен ұзақ мерзімді байланыста екені расталды. Мұнай бағасының оң шоктары тұтынушылық шығындарды ынталандырады, ал инфляция және негізгі сауда серіктес елдердегі нақты айырбас бағамы шоктары тежеуші әсер етеді. Базалық мөлшерлеме экономикалық өсу қарқыны мен инфляция қарқынына әсер ету арқылы, белгілі бір кідіріспен, үй шаруашылықтарының тұтынушылық шығындарына ықпал етеді.

Жетекшілер туралы ақпарат:

Жоба жетекшісі: **Мухамедиев Б.М.**, э.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жоғары экономика және бизнес мектебінің «Экономика» кафедрасының профессоры.

Жетекші орындаушы: **Хитахунов А.А.**, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жоғары экономика және бизнес мектебінің «Экономика» кафедрасының доценті.

Жетекші орындаушы: **Темербулатова Ж.С.**, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жоғары экономика және бизнес мектебінің «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы.

Зерттеу тобы зерттеу нәтижелері жарияланымдары туралы ақпарат: Scopus, WoS, РИНЦ мәліметтер базаларында индекстелетін халықаралық журналда жариялауды жоспарлап отыр.